

## Атбасар ауданы мәслихатының кейбір шешімдері күшін жойды деп тану туралы

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 6С 2/13 шешімі

"Нормативтік актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Атбасар аудандық мәслихатының келесі шешімдері күші жойылды деп танылсын :

1) Атбасар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 қазандағы № 5С 28/6 "Атбасар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4451 тіркелген, 2014 жылдың 5 желтоқсанда "Атбасар" және "Простор" газеттерінде жарияланған) шешімі;

2) Атбасар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 маусымдағы № 5С 32/12 "Атбасар ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4842 тіркелген, 2015 жылдың 3 шілдеде "Атбасар" және "Простор" газеттерінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне еңіп және қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрағасы,  
Атбасар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б. Борұмбаев*